

ҚМГ компаниялары тобындағы эпидемиологиялық ахуал туралы

Ембіліктер мұнай өндіру бойынша өндірістік қызметті тоқтатпауда

Как эффективно работать из дома?

Ембіліктер #Біз_біргеміз акциясына қолдау білдірді

2

4

7

8

Ембі ТЫНЫСЫ

«Ембімұнайгаз» АҚ корпоративті газеті

№ 7 (47)
сәуір
2020 жыл

БІЗДІҢ МИССИЯМЫЗ:

Біз әлеуметтік және бизнес мүдделердің тепе-теңдігін сақтау арқылы компания жұмысшыларына тұрақтылықты, акционерлерге тиімділікті қамтамасыз ету үшін мұнай мен газды өндіреміз.

Құрметті әріптестер!

Коронавирус инфекциясының таралуына байланысты елімізде төтенше жағдай жарияланды.

«Ембімұнайгаз» АҚ өндіріс үдерістерін тоқтатпау және жұмысшылардың қауіпсіздігін сақтау бойынша және корона-вирусқа қарсы профилактикалық іс-шараларды қолға алды. Өкінішке орай, 10.04.2020 ж. жағдай бойынша, Атырау облысында коронавирус инфекциясын жұқтырғандар саны 45-ке жетті. Бұл бізден сақтық шараларын күшейтуімізді талап етеді. Осыған орай, қызметкерлеріміздің жұмыс орнына жіберілуіне шектеулер қою жөнінде шаралар қолға алынды. Жұмысшылардың қауіпсіздігін жоғары бағалайтын компания қызметкерлердің негізгі бөлігін уақытша жұмыстан босатуға мәжбүр болды.

Индет пен эпидемия форс-мажор жағдайы саналғандық-

тан, бұл – жұмыс беруші мен жұмысшылар ықпалынан тыс жүретін шара.

Еңбек шарты мен ЕМГ Ұжымдық шартында көрсетілгендей, аталған себептерге орай, жұмыстан уақытша босатылған жұмыскерлерге еңбекақыларының минималды көлемінде төлемі тиесілі екендігіне қарамастан, Компания басшылығы қызметкерлердің материалдық жағдайының нашарлауына жол бермеу мақсатында уақытша жұмыстан босатылған жұмыскерлердің жалақысының 70%-ын сақтау жөнінде шешім қабылдады. Жеке қауіпсіздігіңіз бен отбасы мүшелерінің қауіпсіздігін сақтау үшін әлеуметтік оқшаулау бойынша отбасылық шараларды өткізуден және оған қатысудан, көпшілік орындарға барудан мүлдем бас тартуыңызды сұраймын.

Жұмыскерлердің басым

бөлігінің уақытша жұмыстан босатылуына байланысты, Компанияның ӨҚБ-де жұмыста қалған қызметкерлерге үлкен жауапкершілік жүктелді. Сол себепті, жұмыскерлерді мұнайшыларға тән төзімділік пен кәсіби шеберлікпен сынақтан абыроймен өтуге шақырамын.

Жұмыс орнындағы жұмыскерлерден коронавирусқа қарсы профилактикалық шараларды қатаң сақтауды талап етемін. Науқастанып қалған жұмыскерлер болса, ӨҚБ-де жұмыс жасайтын, вахтааралық демалыстағы жұмысшылар олардың орнын алмастыруға шақырту болған кезде үйлерінде міндетті түрде болулары керек.

Бұл шаралар сіздің өміріңіз бен денсаулығыңыз, отбасыңыздың амандығы үшін жасалып отырғанына түсініспеншілікпен қарайды деп сенемін.

Құрметпен,

Басқарма төрағасы
Е.ҚАЙЫРЖАН.

COVID-19 ВИРУСЫНАН САҚТАНУДЫҢ ҚОСЫМША ШАРАЛАРЫ



Тығыз байланыс жасамаңыз



Қолды жиі жуып, санитайзер пайдаланыңыз



Қол алыспауға тырысыңыз



Көзіңізді, мұрын мен бетіңізді ұстамаңыз



Адамдар көп жиналатын жерлерге баруды шектеңіз



Іші толы лифтке отырмаңыз

ҚМГ компаниялары тобындағы эпидемиологиялық ахуал туралы

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ төтенше жағдай режимін назарға алып және өз қызметкерлері мен барлық мүдделі тараптары алдындағы жауапкершілігін түсіне отырып, ҚМГ компаниялары тобындағы коронавирусқа байланысты жағдай туралы хабарлайды.

Компания алдын алу іс-шаралар кешенін жүйелі түрде іске асыруда. Жағдайды тұрақты қадағалайтын жедел штаб құрылды және

КВИ-дың алдын алу бойынша еншілес компанияларда да тиісті жұмыстар жалғасуда

«Қаражанбасмұнай» АҚ

Қаражанбас компаниялар тобында елімізде белең алған коронавирустық инфекцияның таралуының алдын алу мақсатында жедел штаб құрылды. Сонымен бірге, еңбек ұжымы арасында жұқпалы дерттің пайда болуы және таралуына тосқауыл қоюға бағытталып жасақталған іс-шаралар жоспары аясында 22 наурыздан бастап компания жұмысшыларының жұмыс вахтасы төтенше жағдайға байланысты 10 күннен 15 күнге ұзартылды. Орталық аппараттың бірқатар қызметкерлерін қашықтықтан жұмыс істеу тәртібіне өткізу шаралары жалғасуда.

Коронавирустық инфекцияға қатысты жедел штаб тобының арнайы 3 жоспары бар. Жұқпалы дертке қатысты жағдай анықталған жағдайда осы жоспар жүзеге асырылады.

«Өзенмұнайгаз» АҚ

Жұқпалы індеттің алдын алу мақсатында басқарма ұжымы арасында нұсқаулық өткізілді. Бірінші кезекте, адамдардың бір жерде шоғырлануы азайтылды. Яғни, 17-наурыз сағ.19.00-ден бастап Жаңаөзен қаласының 8

ҚМГ тобының қызметкерлерін қорғау үшін шұғыл шаралар қабылданды. Еншілес ұйымдарда қатаң алдын алу шаралары қолға алынды. Соның ішінде, жоғары тәуекел санатына жатқызылған қызметкерлерді үйден жұмыс істеуге ауыстыру, қашықтықтағы жұмыс тәртібін енгізу, өндіріс пен жобалардағы қызметкерлердің бір бөлігін демобилизациялау.

жерінен ӨМГ қызметкерлерін жұмыс орындарына жеткізу ұйымдастырылды.

Әлеуметтік, өндірістік ғимараттардың барлық бөлмелеріне, мұнайшыларды тасымалдайтын 130 автобус пен арнайы техникаларға үнемі санитарлық тазалау жұмыстары жүргізілуде.

ТОО «СП «Казгермунай»

В условиях распространения коронавирусной инфекции компания принимает всевозможные меры по минимизации рисков заражения своих работников и их близких. Работники м/р Акшабулак, Нуралы и Аксай были переведены на режим работы 28/28 дней (вместо 15/15 дн). Сотрудники АУП в г. Кызылорда, Нур-Султан и Алматы большей частью были отправлены на удаленный режим работы.

Были организованы санитарные посты на контрольно-пропускных пунктах на м/р Акшабулак и Аксай, где всех въезжающих на контрактную территорию компании проверяют медицинские работники.

www.munailymeken.kz

ҚМГ - экологиялық жауапкершілік саласындағы ашықтық рейтингісінде көшбасшы

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ экологиялық жауапкершілік саласындағы мұнай-газ компаниялары ашықтығының Еуразиялық рейтингісінде I орынды иеленді. ҚР Энергетика министрлігінің деректеріне сәйкес, рейтингтің 2019 жылғы іріктеуіне еліміздің жарты миллион тоннадан астам көмірсутек өндіретін 14 мұнай-газ компаниясы ілінді.

Зерттеудің басты мақсаты – қоршаған ортаға кері әсерді азайту мен көмірсутек ресурстарын пайдаланудың тиімділігін арттыруға, сондай-ақ, әлеуметтік жауапты бизнесті жүргізуге ықпал ету.

ҚМГ 3 жыл қатарынан экологиялық жауапкершілік саласындағы мұнай-газ компаниялары ашықтық рейтингісінде көш бастап, экологиялық тұрғыдан Қазақстанның ең ашық әрі жауапты компаниясы екенін кезекті рет дәлелдеді.



Компания экологиялық жауапты бизнесін жалғастырып, қоршаған ортаны қорғауды басқару жүйесін дамытуда. Жылдық есеп, Тұрақты даму есебі аясында компанияның барлық экологиялық қырлары туралы мәліметтер жыл сайын жарияланып тұрады, сондай-ақ, өзекті ақпарат компанияның ресми сайтына орналастырылады.

www.kmg.kz

Атырау қаласына кіру және шығу толық шектелді

Енді Атырау қаласындағы тосқауыл бекеттерінен өтуге рұқсаты бар автокөліктер ғана өте алады. Облыс орталығындағы карантин кезеңінде қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мақсатында уақытша шектеулер белгіленді.

- Прокуратура құрған мобильдік топтар



қала аумағында төтенше жағдай режимін бұзу фактілерін анықтайтын болады. Осыған орай, халықтың денсаулығы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында тұрғындарды карантиннің барлық шарттарын сақтауға шақырамыз, - дейді Атырау қаласының прокуроры Аршат Тайтулин.

Айта кетейік, 30 наурыздан бастап Атырауда карантин жарияланған болатын. Айналма жолдар арқылы өту мен Атырау қаласына рұқсатсыз кіру және шығу фактілерінің алдын алу мақсатында полиция департаментіне ҚР Ұлттық гвардиясының 5546 әскери бөлімімен бірлесіп автомобиль жолдары мен блок-посттарды күзету үшін мобильді топтар құру тапсырылды.

Атырау облыстық аймақтық коммуникациялар қызметі.

Где можно экстренно удалить зуб рассказали в облздраве Атырау ?

Экстренных больных принимает ТОО «Стоматология», действующая на базе Второй городской поликлиники. Об этом рассказали в управлении здравоохранения.

По словам руководства учреждения, ежедневно в стоматологии действует терапевтическое отделение и отделение хирургии, где можно удалить зубы, либо залечить их. Экстренных пациентов обслуживают дежурные врачи с 9.00 до 19.00 ч. Пациентов с высокой температурой и отеками обслуживает дежурный врач челюстно-лицевой хирургии областной больницы г.Атырау.

При этом частные стоматологические клиники приостановили свою деятельность в связи с карантином.

-В связи с карантином частным стоматологиям было рекомендовано приостановить свою деятельность в связи с неполным соответствием санитарным требованиям в условиях чрезвычайного положения, - пояснили в облздраве.

Региональная служба коммуникаций Атырауской области.

Атырауда көшеде жүруге қосымша шектеулер енгізілді

Бас мемлекеттік санитарлық дәрігердің 2020 жылғы 29 наурыздағы «Атырау облысы аумағында қосымша шектеу іс-шараларын енгізу туралы» қаулысына өзгерістер енгізілді. Атап айтсақ, сағ.21:00-ден 06:00-ге дейін қала халқы мен көлік құралдарының қозғалысына тыйым салынды. Тек стратегиялық өндіріс нысандарына, байланыспен қамтамасыз ететін телекоммуникация қызметкерлеріне жүруге рұқсат етіледі.

Екінші деңгейлі банк филиалдарының, пошта байланысы мен жеке нотариустардың жұмыс уақыты сағ.09:00-ден 17:00-ге дейін болса, азық-түлік супермаркеттері мен дүкендерінің, жанар-жағармай бекеттеріндегі сауда нүктелерінің, дәріханалар мен сауда, ойын-сауық орталықтарындағы негізгі тауарлардың сатылымы кешкі сағ.20:00-ден таңғы 9:00-ге дейін тоқтайды. Сондай-ақ, жоғарыда аталған барлық сауда субъектілері тауарларды үйге жеткізіп беруді тоқтатуы тиіс. Және карантин мен төтенше жағдай кезеңінде салтанатты отбасылық іс-шараларды (3 адамнан астам адам жиналатын) өткізуге тыйым салынады.

www.atr.kz

Уважаемые эмбинцы! Предлагаем вам список официальных ресурсов по освещению ситуации с коронавирусом в Казахстане:

★Официальный ресурс по освещению ситуации <https://coronavirus2020.kz>, https://t.me/coronavirus2020_kz

★Национальный центр общественного здравоохранения МЗ РК <https://t.me/kzcoronavirus>, ☎+7 7172 76 80 43. Также 103 или 1406

★Оперативный штаб Госкомиссии <https://t.me/kkkbtu>

★IT-штаб по борьбе с коронавирусом при Администрации Президента РК <http://anti-corona.kz/>, <https://t.me/anticoronakaz>

★Вся информация о распространении коронавируса в разрезе пола, возраста и других показателей на одной панели <https://datastudio.google.com/u/0/reporting/2ed9408a-1314-47f5-974e-68087b03c824/page/CSCJB>

🌐 О ситуации в мире: <https://coronavirus-monitor.ru>,

Ембіліктер мұнай өндіру бойынша өндірістік қызметті тоқтатпауда

Бүгінгі таңда елде енгізілген төтенше жағдай мен Атырау облысындағы карантин уақытында «Ембімұнайгаз» АҚ аз құраммен мұнай өндіру бойынша өндірістік қызметтерді тоқтатпай, жалғастыруда. COVID-2019 таралуының алдын алу мақсатында бекітілген жоспарлар аясында іс-шаралар ке-

Жұмыс орнында қалған барлық қызметкерлер сақтандыру құралдарымен, соның ішінде, маскамен, респираторлармен толық қамтылды.

Өндіріс алаңдарындағы барлық көлік түрлері күніне 3-4 реттен дезинфекциядан өтеді, әлеуметтік нысандарда инфекцияның таралмауы үшін қосымша профилактикалық шаралар күшейтілген.

Айта кетейік, бүгінгі таңда елде орын алған төтенше жағдай мен Атырау облысындағы карантинге қатысты «Б» жоспары жүзеге асуда. Бұл бағыттағы жоспар бойынша ауысымдық еңбек уақыты 14 күннен 28 күнге дейін ұзартылды. КВИ белгісі байқалған жағдайда, байланыста болған адамды оқшаулау үшін Ембінің кен алаңдарында «ұйықтау» режиміндегі мұнайшылар қатарынан резервтегі штат құрылды. Олардың тамақтану мен жатын орындары бөлек ұйымдастырылған. Жұмыста жүрген мамандармен арада байланыс еш жоқ. Егер жұмыста жүрген мамандар арасында қауіпті вирустың белгісі байқалған жағдайда, «С» жоспары іске қосылып, вахта құрамы түгел эвакуацияланады




шені жасақталды.

Қауіпсіздік шараларын сақтау үшін 18 наурыздан бастап компания нысандарына бөгде адамдардың және еліміздің өзге аймақтарында тұратын қызметкерлердің кіруіне шектеу қойылды.

Орталық басқару аппараты мен өндірістік құрылымдық бөлімшелердегі Қызметкерлер жұмыс орны кіру үшін күн сайын тепловизор арқылы тексеріледі. Өндіріс алаңдарындағы мамандардың хал-жағдайы ауысымдық жұмысқа кірер (вахтаның) алдында толықтай тексеріледі. Қауіпсіздікті сақтау мақсатында қызметтік құжаттар мен кіріс-шығыс құжаттарын жүргізу тек электрондық форматта жүзеге асуда.

Вахтааралық қалашықтардағы мердігер мекемелердің санитарлық жағдайы мен профилактикалық шаралары үнемі



- Жағдайдың қиындығына қарамастан кен алаңдарындағы барлық асханаларда мұнайшыларды сапалы тамақтандыру үшін барлық профилактикалық шараларды уақытылы жүргізу жұмыстары жүргізіліп, ас мәзірі сақталуда.

Кен алаңдарындағы асханаларда 150 аспазшы жұмысқа тартылды. Барлығы да маска, қолғап және сақтандыру құралдарымен қамтамасыз етілген. Азық-түліктер асханаларға уақытылы жеткізіліп, тауар сақтайтын қоймалар мен тасымалдайтын автокөліктер де міндетті түрде дезинфекциялануда, - деп атап өтті «KMG EP-Catering» ЖШС Атырау филиалының директоры Эдуард Хисметтулин бізбен әңгімесінде.



«Жұмыла көтерген жүк жеңіл»

Бүкіл әлемде коронавирус індетінің таралуына байланысты Қазақстан Республикасында енгізілген төтенше жағдай кезіндегі шектелген шараларды сақтау және аталған дертке жол бермеу мақсатында «Ембімұнайгаз» АҚ тарапынан шектеу жұмыстары жүзеге асырылуда. Соның бірі – қашықтықтан отырып жұмыс жасау. Сондықтан, елімізде қалыптасқан сақтық шараларына сәйкес жұмысымызды үйден жасап отырмыз.

Үйде отырып та, маска тағып, қолғап киіп қауіпсіздігімізді сақтаудамыз. Мұның барлығы – Компания басшылығының тарапынан қолға алынған игі қадам. Өйткені, ең алдымен, өзіміздің, отбасымыздың, әріптестеріміздің, жалпы халықтың денсаулығын сақтау мақсатында қолға алынып отырғандығын ембіліктер жақсы түсінеді.

«Жұмыла көтерген жүк жеңіл» демекші, барлық әріптестеріме, мұнайшылыларға шыдамдылық пен сабыр тілеймін. Бұл уақытша сын сағатынан сүрінбей, аса үлкен жауапкершілікпен өтеміз деп сенемін. Біз біргеміз!

Нұрлан БЕШИМОВ,
«Жылыоймұнайгаз» МГӨБ көлік
қызметінің көлік жөніндегі инженері.

Ел мүддесі үшін - әрқашан сапта



«Ембімұнайгаз» АҚ-на қарасты «Ембімұнайэнерго» ұжымы елімізде орын алған бүгінгі сын сағаттарда уақытпен санаспай, аз құраммен өздеріне берілген жауапкершілігі мол міндетті сапалы атқаруға бар күштерін салып еңбек етіп жатыр. Компания бойынша бекітілген іс-шаралар жоспарының аясында басқарманың барлық электромонтерлері қажетті сақтық құралдармен толықтай қамтылды. Оларға маска мен респираторлар таратылып берілді. Жұмысшылар тұрақты медициналық бақылауда.

Басқармаға қарасты барлық аудандық электроторабының ұжымы демалыс тобы, жұмыс тобы деп екі топқа бөлініп, өндіріс жұмысының үздіксіз жүруін назарда ұстап отыр. Жұмыс тобының мүшелерін оқшаулауға тура келген жағдайда, демалыс тобының мүшелері дереу саптан табылады.

Артық болмас білгенің...

«Жайықмұнайгаз» МГӨБ ұжымы COVID-19 сақтандыру шараларын негізге алып, күнделікті жұмысты жалғастыруда. Жұмыс барысында сақтандыру шарасының жүзеге асуы жан-жақты тексерілуде.

Әрине, бұрын-соңды аты түгілі заты да бізге беймәлім болған коронавирус дерті туралы бүгінде барша жұрт біледі десем қателеспеспін. Әлемді қорқыныш құрсауына алған коронавирус туралы кең айтылуда. Дегенмен, артық болмас білгенің деп, әріптестерімнің назарына өзіме белгілі кеңестерді - сақтандыру шараларын ұсынғым келеді.

Бәлкім, қаделеріңізге жарап қалар.

- Көп адам жиналатын жерлерге бармау керек екенін түсіндік, өзіңізге де, отбасыңыздың мүшелеріне де, ағайын-тумаңызға да шектеу қойыңыз;
- ДДС ұйымының осы дертке қатысты айтарына құлақ түрсек, қолма-қол ақша ұстамауға кеңес береді. Әрине, қазір көпшілігіміз қолымызға ақша ұстамаймыз, бірақ, кей адамдар дүкен, дәрйханаға барғанда әлі күнге дейін қолма-қол ақша төлегенді жөн санайды. Тоқтатыңыз, оның орнына жеке картаңыз не болмаса телефоныңыздағы қосымша арқылы сауда жасаңыз. Коронавирустың белгілері қатты заттың бетінде ұзақ мерзім сақталады;
- күнделікті тұрмыста көп пайдаланатынымыз - телефон. Қолымызды күніне бірнеше рет жуамыз. Ал, телефонды таза лауды есте ұстамаймыз. Микробтың көп жиналатын орны - телефонның экраны. Ендеше, күніне бір рет телефоныңыздың экранын этил спиртіне малынған шүберекпен сүртіп алыңыз;
- қол алысып, құшақтаса амандасу бүгінде зиян. Өзге адамдарға тым жақындамаңыз. 1,5-2 метр қашықтықтан бас изеп, амандасу жеткілікті.
- медициналық маскаңызды әр 20 минут сайын алмастырыңыз.



Айгүл ШАҚМАНОВА,
«Жайықмұнайгаз» МГӨБ әлеуметтік
саясат бөлімінің маманы.

Амангелді СҮЛЕЙМЕНОВ, «Жайықмұнайгаз» МГӨБ басшысы: «Мақсат - кезегін күткен шараларды уақытылы жүзеге асыру»

- «Жайықмұнайгаз» МГӨБ ұжымы 2019 жылды қалай аяқтады, нақты қандай жетістіктерге қол жеткізді?

- Басқарма ұжымы 2019 жылды жақсы көрсеткішпен аяқтады. Өткен жылы 921 992 тн мұнай өндіру жоспарланса, нақты 923 283 тн мұнай өндірілді. Яғни, жоспар 100,1%-ға орындалды. Жылдың қорытындысымен 917 740 тн мұнай тапсырылса, жоспардағы көрсеткіш - 913 710 тн болатын. Тапсырылатын мұнайдың сапасы толықтай I топпен өткізілуде. Бұған қоса, нақты 37 594,706 мың м³ ілеспе газ өндірілді. Соның ішінде, 5 246 545 м³ ілеспе газ газ дайындау қондырғысында дайындалып, тауарлы газ тұтынушы сырт мекемеге берілді.

2019 жылға жоспарланған мұнай өндірудің негізгі көрсеткішін орындау мақсатында ұйымдастыру-техникалық және геологиялық-техникалық шаралар жоспарланып қосымша

мұнай өндіру көзделген. Нәтижеміз жақсы. 20 жаңа ұңғыма бұрғылаудан кейін іске қосылып, олардан 22 687 тн мұнай өндіру жоспарланған болатын. Нақты іске көшсек, 21 ұңғыма іске қосылып, 36 926 тн мұнай алынды. 7 ұңғыма әрекетсіздіктен іске қосылып,

7075 тн мұнай өндірілді. Ал, жоспар бойынша 8 ұңғыма іске қосылып, 2473 тн мұнай өндіру көзделген. Бұған қоса, басқарма бойынша 79 ұңғымада жоспарланған күрделі жөндеу жұмыстары 100% орындалып, 36414 тн мұнай өндірілді. Ұңғымалардың нақты жөндеуаралық уақыты 425 тәулікті құрады, жоспарланған тәуліктен 129 тәулікке ұзарды.

Сөйтіп, мұнай өндіру барысында басқарма жоспарды артық орындауға қол жеткізуде.

- Өндіріс саласындағы негізгі бағыттың бірі – құрылыс саласы. Басқармада бұл саланың табысы қандай?

- Өткен жылда өндірістік нысандарда аяқталған құрылыс жұмыстарына келер болсақ, ең үлкен нысандардың бірі - жинау және мұнай тасымалдау жүйесін кеңейту, қайта құру жұмыстары жыл сайын орындалып, жаңаруда. Сондай-ақ, электрмен қамтамасыз ету жүйесін сенімділігін арттыру жұмыстары жүргізілді. С.Балғымбаев кен орнындағы арнаулы көліктер цехында 24 бірлік гараж-бокс көліктер тұрағының құрылыс жұмыстары басталып, олар ағымдағы жылда аяқталады деп күтілуде.

- Ембідегі өзекті мәселенің бірі – ілеспе газдың жайы. Басқармада ілеспе газ қалай кедерге асуда?

- Соңғы жылдары басқарма бойынша кен орындарындағы газды тауарлық жағдайға дайындап жеткізіп, оны тасымалдау, сол арқылы өндірістік мақсатқа пайдалану бағыты қолға алынуда. Осы бағыттағы жоба бойынша басқармада газ дайындау қондырғысы іске қосылды. Аталған қондырғы 20 млн.м³ көлемінде тауарлы газ дайындауға есептелген. Осы жоба аясында С.Балғымбаев кен орнындағы нысандарды жылытумен қатар, С.Балғымбаев-Забурын кен орындары аралығына газ құбыры тартылды. Яғни, бұдан бұрын Забурын кен орнының мұнай қыздыру пештеріне, жылыту қазандарына өндірілген ілеспе газ жетіспей, табиғи газ сатып алып, пайдалансақ, газ дайындау қондырғысы іске қосылғасын

Забурын кен орнында осы өзіміз дайындаған тауарлы газды пайдаланудамыз және осы дайындалған газбен «ҚазтрансАймақ» арқылы Исатай, Забурын, Аққыстау, Тұщықұдық, Х.Ерғалиев елді мекендері тұрғындарын қамтудамыз. Сондай-ақ,

жазда газ тұтынушы азайған кезде С.Балғымбаев-Тұманды газ құбыры арқылы дайындалған тауарлы газды Атырау қаласының тұтынушыларына беріп бастадық. Басқарма кен орындарынан өндірілген ілеспе газды залалсыздандыру үшін кезең-кезеңімен газпоршенді электр станса (ГПЭС) қондырғысымен жабдықтап, кен орындарын тоқ көзімен қамтамасыз ету жоспарлануда. Және осы мақсатта О.Б.Қамысты, Забурында ГПЭС қондырғысын іздестіруді жоспарлау жұмыстары басталды.

- Енді кезегін күткен іс-шараларға тоқталсақ...

- Өзекті мәселенің бірі – өндірісішілік жолдар сапасын жақсарту. 2020-2021 ж.ж. 13,642 км С.Балғымбаев кен орны ішкі жолдарының құрылысы жүргізіледі. Бұған қоса, О.Б.Қамысты, Жаңаталап к/о ішкі жолдарының құрылысын жүргізу, Жаңаталап-С.Балғымбаев к/о аралығына өндірісаралық автокөлік жол құрылысын салу үшін жобалау-іздестіру жұмыстары жоспарға енгізілген.

-Сұхбатыңызға рахмет!

(Сурет ЕМГ мұрағатынан алынды).



Как эффективно работать из дома?

В связи с пандемией вируса COVID-19, часть работников АО «Эмбаунайгаз» сегодня временно работает из дома. Разумеется, что для кого-то такой формат работы непривычен. Мы подготовили несколько рекомендаций, как сохранять эффективность в условиях удаленного доступа, не забывать об ответственности и не терять связи с коллегами.

• Создайте рабочую обстановку

Обустройте специальное рабочее место – это может быть отдельная комната, стол или даже ваш собственный угол кухонного стола. Это поможет вам настроиться на то, что, находясь в этом месте, вы продуктивно работаете и не отвлекаетесь.



• Ведите списки дел

Список дел поможет упорядочить работу, сохранять мотивацию и действовать эффективно. Добавьте в него и глобальные цели (например, закончить проект), и повседневные задачи (действия, которые помогут достичь глобальной цели). Отмечая выполненные дела, вы будете наглядно видеть, как двигаетесь к цели. Это поможет сохранять рабочий настрой в течение дня.

Работа кажется проще, если поделить большую задачу на маленькие. Список нужно написать или напечатать. Не держите его в голове, чтобы вам не приходилось постоянно вспоминать, что ещё вы не сделали. К тому же, вычеркивание выполненных задач помогает сохранять мотивацию.

• Составьте расписание


При удаленной работе у вас должно быть четкое расписание, как и в офисе. Разница в том, что вам придется самостоятельно за ним следить. Это не значит, что вы должны работать целый день, наоборот, делать перерывы необходимо, чтобы отдохнуть мен-

тально, физически и эмоционально. Но они должны быть включены в расписание. При составлении расписания учитывайте, какие не связанные с работой обязательства у вас есть, и также обязательно их выполняйте. Составив расписание, добавьте его в календарь и откройте доступ коллегам, чтобы они знали, когда вы доступны для обсуждений, а когда вас нет на месте. Еще можно поделиться этой информацией с друзьями и членами семьи. Четко обозначьте границы, чтобы окружающие понимали: удаленная работа не означает, что вы свободны в любой момент.

• Организуйте возможности для совместной работы

Работа из дома не означает, что вы останетесь в одиночестве. Вам необходимо общаться с коллегами – участвовать в совещаниях, получать задания, обсуждать решения или обмениваться мнениями. Поэтому нужно спланировать, как все это будет происходить. Если вам нужно обсудить проблему или принять сложное решение, это лучше всего делать при непосредственном общении. Рассмотрите возможность проведения видеоконференций. Вы также можете проводить регулярные видеовстречи со своей командой. Это позволит вам оставаться в курсе того, чем занимаются остальные, и поддерживать связь при отсутствии ежедневных личных контактов.

УСПЕХОВ В РАБОТЕ!



#Біз_біргеміз!

Күллі әлем елдерін қауіптің құрсауына алған коронавирус пандемиясымен күресуге әрбір азаматтың мүмкіндігі бар. Бұл қиындықты тек біресе отырып қана жеңетіміз хақ. Ең бастысы, кез келген адам жауапкершілікті өзінен бастап сезінуі тиіс.

Осы орайда, ембілік мұнайшылар #Біз_біргеміз! акциясын қолдау білдіріп, коронавируске қарсы күресті күшейту мақсатында барша азаматтарды мүмкіндігінше үйде болып, барынша сақтанып, вирустың таралмауына үлес қосуға шақырды. Көпшілік жерлерге барудан шектеліп, сақтандыру шараларын толық сақтауға кеңес берді. Біз біргеміз!



Мұнайшылар шығармашылығы

Коронавирустан сақтану

Індет тарап жатқан кезде қалама,
Міндет саған шықпай жату далаға.
Өз қолыңмен өлтіресін ұл-қызды,
Ауру егер жұғып кетсе балаңа.

Үйде отырмай десең егер күйемін,
Бұл вирусқа таптырмайтын сый едің.
Қара жерге жерленуге зар болып,
Отқа өртеніп, күл болады сүйегің.

Минус болар маска тақпай күлгенің,
Вирус болар әрбір үйде жүргенің.
Алты құрлық аман қалсын дегенің,
Төрт бұрышқа өз еркіңмен кіргенің.

Бабаларым азаттықтың жолында,
Ажал құшқан азаппенен соңында.
Үйде жатып, ағайындар, дәл қазір,
Соғыспай-ақ ерлік жасау қолыңда.

Үйден шықпау ерлік болды ол дағы,
Отбасыңды холлға жинап қолдағы.
Тұяғыңды қимылдатпай тып-тыныш,
Зияныңды тигізбесең болғаны.

Ауру-індет қамсыздарды сезіп жүр,
Бұл вирусты жеңе алады төзімді ұл.
Өмірі үшін бар қазақтың жат үйде,
Өлім деген айналанды кезіп жүр.

Сырымбек СӨРСЕМБАЕВ,

«Жылыоймұнайгаз» МГӨБ кәсіподақ комитетінің төрағасы.

А Н Ы Қ Т А М А :

«Ембімұнайгаз» АҚ Басқарма төрағасы Е. Қайыржанға қояр сауалдарыңыз бен ұсыныстарыңыз болса, **blog_emg@emg.kmgerp.kz** электронды поштасына жолдауларыңызға болады.

Меншік иесі: «Ембімұнайгаз» АҚ

Шығарушы: қоғаммен байланыс қызметі

Бас редактор: А. Ертлеуова

Газет айына 2 рет шығады (электронды форматта).

Хат-материалдарды төмендегі мекен-жайға жолдай аласыздар:

Л.Сүлейменова - L.Suleimenova@emg.kmgerp.kz

Ғ.Қаражанова – G.Karajanova@emg.kmgerp.kz

А.Ертлеуова – A.Ertleuova@emg.kmgerp.kz

А.Хаменова – A.Khamenova@emg.kmgerp.kz

Редакциялық кеңес:

С.Нақпаев – Басқарма төрағасының жалпы мәселелер жөніндегі орынбасары;
Г.Шарафетдинова – қызметкрелерді басқару және еңбекке ақы төлеу департаментінің директоры;

Ә.Каримов – келешекті дамыту департаментінің директоры;

Л.Сүлейменова – қоғаммен байланыс қызметінің жетекшісі.